

«8D02201-Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Илесбеков Бижан Оразалиевичтің Ахмад ибн Мансур әл-Испиджаби (480/1087 ж.қ.б.) және оның «Шарх Мухтасар әт-Тахауи» еңбегі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия</p>	<p>Диссертациялық жұмыс еліміздегі ғылымның даму бағыттары басымдылықтарының ішінен –</p> <p>7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағыттардың ішінен –</p> <p>7.2. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер:</p> <p>7.2.6. Қоғамды жағдайындағы дін, тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүрлер мен құндылықтардың ортақтығы бабына сәйкес келеді.</p> <p>«8D02201-Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландырылған докторантура аясында әзірленген диссертация жұмысы.</p>

		бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	
2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға <u>елеулі үлесін қосады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	Диссертация еліміздегі исламтану саласын нақты ислам құқығы бойынша қолжазба ебектерді исламтанулық әрі деректанулық тұрғыдан зерттеу арқылы ғылымға елеулі үлесін қосады. Зерттеу жұмысы Қазақ жеріндегі ислам фикһы мектебінің тарихи даму кезеңдерін жан-жақты дәлелдеп, оның ислам құқығы саласындағы орнын көрсете білген. Диссертант өз зерттеуінде аталған тақырып аясында өзінен бұрын жазылған ғылыми зерттеулерді сыни тұрғыдан талдап, олардың кемшін тұстарын көрсеткен. Сонымен қатар Ахмад ибн Мансурдың «Шарх Мухтасар әт-Тахауи» еңбегінің әлем кітапханаларындағы нұсқаларына деректанулық, текстологиялық талдау жасау арқылы олардың арасынан үш қолжазба нұсқасын нақты ғалымға тиесілі деп табылуы ерекше маңызға ие.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: <u>1) жоғары;</u> 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Ізденушінің диссертацияны өзі жазуының деңгейі жоғары. Диссертацияның үш тарауының арасындағы логикалық байланыс пен сабақтастық ғылыми еңбектің бір қолдан шыққандығын айқындай түседі. Диссертант ойларын жақсы тұжырымдап, өзінен бұрынғы зерттеулерге орынды сілтеме бере білген. Ахмад ибн Мансурдың «Мухтасар әт-Тахауи» атты жазған түсіндірме еңбегін аталған мәтінге жазылған басқа да ғалымдардың түсіндірмелерімен салыстыра отырып зерттеуі нәтижесінде ғалымның еңбегінің мазмұндық және методологиялық құндылығын

			<p>көрсете білген. Сонымен қатар ғылыми еңбектің мазмұндық тұсын баяндаудағы жазу стилі ғылыми-логикалық, дәлелді, дәйекті сипатта екендігі анық байқалады.</p> <p>Ізденушінің ойлары оқырманға түсінікті және қисынды деген пікірдемін.</p>
4	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <p><u>1) негізделген;</u></p> <p>2) жартылай негізделген;</p> <p>3) негізделмеген</p>	<p>Диссертацияның өзектілігі ислам құқығының аймақтық орталықтарының бірі саналатын Испиджаб фикһ мектебін зерттеуінде айқындалады. Өйткені ортағасырлық Мәуереннаһр аймағындағы ислам құқығының аймақтық орталықтары тиісінше толық зерттелмеген. Себебі олардың әрбірі өзіндік ерекшеліктерге ие. Диссертациялық жұмыстың өзектілігі Қазақ жерінен шыққан ислам ғалымдары еңбектерінің әлі күнге дейін әлем кітапханаларында қолжазба күйінде сақталған нұсқаларына атрибуция жасап, зерттеп, жұртшылыққа ұсынуымен тікелей байланысты. Сондай-ақ қолжазба каталогтарында, библиографиялық әдебиеттерде кітаптардың авторға тиесілі, не тиесілі еместігіне қатысты шатасулар жиі орын алып жататыны белгілі. Осы орайда ізденуші диссертацияда Ахмад ибн Мансур әл-Испиджабидің атына телінген қолжазба нұсқаларына жан-жақты зерттеу жүргізу арқылы олардың арасынан нақты ғалымға тиесілі нұсқаларын тауып, оларға ғылыми атрибуция жасаған. Ұсынылған диссертациялық жұмыстың тақырыбы жоғарыда аталған маңызды мәселелерді ғылыми-теориялық және салыстырмалы әдістер негізінде қарастыру тұрғысынан өзекті саналады.</p>

	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <p><u>1) айқындайды;</u></p> <p>2) жартылай айқындайды;</p> <p>3) айқындамайды</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны мен құрылымы диссертация тақырыбын толықтай айқындайды. Зерттеуші бірінші тарауда Испиджаб қаласы мен ондағы ғалымдардың ислам өркениетіндегі орнын тарихи тұрғыдан негіздесе, екінші тарауда Ахмад ибн Мансур әл-Испиджабидің ғылыми мұрасын қарастырған. Үшінші тарауда Ахмад ибн Мансурдың «Шарх Мухтасар әт-Тахауи» еңбегінің құндылығы мен ерекшеліктерін салыстырмалы әдіс арқылы зерттеп, айқындаған. Ғылыми жұмыс аясындағы шешімдер мен қағидаттар тақырыптың мазмұны шеңберінде шығарылған.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p><u>1) сәйкес келеді;</u></p> <p>2) жартылай сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертацияның мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына сәйкес келеді. Диссертант қазақстандық исламтану мектебінің тарихи негіздерін көрсету бойынша ұсыныстар әзірлеуді мақсат еткен. Сол мақсатқа сәйкес сегіз түрлі міндет айқындап, міндеттерді тиісті дәрежеде орындаған.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <p><u>1) толық байланысқан;</u></p> <p>2) жартылай байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертацияның барлық тараулары мен тараушалары арасындағы логикалық байланыс жақсы сақталған, ішкі бірлікке ие. Зерттеуші алдымен Испиджаб қаласы мен ондағы ғалымдардың ислам өркениетіндегі орнын тарихи тұрғыдан негіздесе, екінші тарауда диссертация тақырыбына сай Ахмад ибн Мансур әл-Испиджабидің ғылымдағы орны мен ғылыми мұрасын тереңірек зерттеген. Үшінші тарауда диссертация тақырыбына сай Ахмад ибн Мансурдың еңбектерінің ішінен «Шарх Мухтасар әт-Тахауи» еңбегіне айрықша тоқталып, оның</p>

		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p><u>1) сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>күндылығы мен ерекшеліктерін салыстырмалы әдіс арқылы зерттеп, айқындаған.</p> <p>Автор ұсынған жаңа шешімдерін бұрыннан белгілі шешімдермен салыстыра дәлелдеген. Аталған тақырып аясында өзінен бұрын жазылған зерттеу жұмыстарына сыни талдау жасап, баға берген. Сонымен қатар диссертацияда қолжазба нұсқаларын деректанулық және исламтанулық талдау кезінде салыстырмалы әдіс кең қолданыс тапқан. Зерттеу нәтижелері өзінен бұрынғы зерттеулермен салыстырылып бағаланған.</p>
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; <u>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстан шыққан нәтижелерге салыстырмалы түрде ішінара жаңа деп баға бердік. Өйткені испиджабтық ғалымдардың қолжазба еңбектері шетелдік және отандық ғалымдар тарапынан белгілі деңгейде зерттеліп, докторлық және магистрлік диссертациялар жазылған. Алайда диссертант аталған зерттеуінде сүйенген қолжазба нұсқаларының бұрын зерттелмегендігін дәлелдей білген. Осы тұрғыдан алғанда жасалған ғылыми нәтижелер салыстырмалы жаңа деп қарастырдық.</p> <p>Дегенмен осы уақытқа дейін отандық зерттеушілер тарапынан жалпы испиджабтық ғалымдар мен олардың қолжазба еңбектері зерттелгенімен, нақты Ахмад ибн Мансур әл-Испиджаби мен оның «Шарх Мухтасар әт-Тахауи» еңбегінің қолжазбасы әлі зерттелмеген болатын. Сонымен Ахмад ибн Мансурдың «Шарх Мухтасар әт-Тахауи» еңбегінің қолжазбасы араб әлемінде бірнеше</p>

			<p>зерттеушілер зерттегенімен, олардың аталмыш еңбектің нақты қолжазба нұсқаларына қол жеткізе алмағандығын диссертант өз зерттеуінде дәйектей алған. Бұл ретте диссертанттың Ахмад ибн Мансурдың «Шарх Мухтасар әт-Тахауи» еңбегінің көптеген қолжазба нұсқаларын зерттеп, олардың ішінен нақты авторға тиесілі нұсқаларын анықтау барысында шығарған нәтижелерін толығымен жаңа деп есептеуге негіз бар.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертация қорытындыларының кейбірі жартылай, кейбірі толығымен жаңа болғандықтан, жалпы алғанда оларға ішінара жаңа деген баға берілді. Қарахан мемлекетінің Самарқанда қолданған діни-саяси жағдайында Испиджаб және Нәсәф ғалымдарының орнына қатысты шыққан қорытындылар алдыңғы зерттеулердегі тұжырымдарға негізделгендіктен ішінара жаңа деп бағаланды.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертация жұмысының тақырыбы әлеуметтік-гуманитарлық ғылым бағытында орындалғандықтан техникалық, технологиялық, экономикалық салалармен тікелей байланыспайды. Десе де диссертацияда елімізде исламтану мектебін қалыптастыру және отандық дін ғалымдарының еңбектерін ғылыми айналымға енгізу бойынша шешімдері ұсынылған және негізделген.</p>
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/ негізделмеген</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың әрбір тарауындағы мәселелер бойынша жасалған қорытындылар ауқымды дәлелдемелерге негізделген. Қорытындылардың бір бөлігі теориялық зерттеу нәтижелеріне негізделсе, екінші бөлігі</p>

		(qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	эмпирикалық зерттеуден алынған дәлелдемелерге негізделген.
7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>7.1. Диссертация жұмысында зерттеуші 8 қағидат айқындаған. Олардың әрқайсысы жеткілікті деңгейде дәлелденген.</p> <p>7.2. Зерттеу жұмысының қағидаттары тривиалды емес. Диссертант қағидаттарды өзіндік тәсілмен, жан-жақты қарастырып қалыптастырған.</p> <p>7.3. Диссертация жұмысында 8 қағидат жасалған. Олар салыстырмалы түрде ішінара жана саналады. Бірінші қағидатта – тарихи және ғұмырнамалық әдебиеттерде кездесе бермейтін Ахмад ибн Мансурдың ғылыми генеалогиясы жайлы тың мәліметтер келтіріп, Ахмад ибн Мансурдың ұстазы – Әбу әл-Хасан Али ибн Бәкір әл-Испиджаби болғандығын анықтаған, екінші қағидатта – Ахмад ибн Мансурдың еңбектерінің саны мен атаулары аясында талдау жасалып, олардың қайсыларының күнімізге дейін жетіп-жетпегендігі нақтыланып, автордың жаңа еңбектерінің есімдері анықталған, үшінші қағидатта – қолжазба каталогтарында келген Ахмад ибн Мансурдың «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» еңбегінің қолжазба нұсқаларына қатысты орын алған шатасулар айқындалып, олардың авторға нақты тиесілі және тиесілі еместері текстологиялық әдіс арқылы тұжырымдалған, төртінші қағидатта – Ахмад ибн Мансурдың қазылық қызметі барысында берген бірнеше пәтуаларына діни және саяси тұрғыдан талдау жасалып, сол дәуірдегі биліктің саяси ұстанымы</p>

мен халықтың діни ахуалы анықталған, бесінші қағидатта – Махмуд ибн Сүлейман әл-Кафауидің «Ката`иб әл-ағлам» атты еңбегіндегі деректерді саралай отырып, Ахмад ибн Мансурдың Қарахан мемлекеті басшылары тарапынан Самарқан қаласына қазылық қызметке шақырылмастан бұрын, ғалым өзінің туған қаласы Испиджабта қазылық қызмет атқарғандығын тұжырымдаған, алтыншы қағидатта – Ахмад ибн Мансурдың ұстаздары мен шәкірттеріне қатысты зерттеулер жүргізген ғалымдардың зерттеулерін саралай отырып, оларда кеткен кателіктерді дәлел-дәйектермен көрсеткен, жетінші қағидатта – Ахмад ибн Мансурдың «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» еңбегін жазу барысында Құран, сүннет, ижмағ, кияс, истихсан, сахаба сөзі, әдет-ғұрып сынды жеті шаригат қайнаркөздерін қаншалықты қолданғанын анықтау үшін сандық зерттеу жүргізіп, пайда болған сандық көрсеткіштер негізінде еңбектің сапалық құндылығы анықталған, сегізінші қағидатта – Әбу Бәкір әл-Жассастың «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» еңбегі мен Ахмад ибн Мансурдың «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» еңбектерін салыстырмалы зерттеу барысында олардың арасында жазылу мақсаты мен методологиясы тұрғысынан үлкен айырмашылықтар мен ерекшеліктердің бар екендігі көрсетілген.

7.4. Диссертация қағидаттары теория мен практикадағы қолдану деңгейі «кең». Атап айтқанда зерттеуден алынған ғылыми нәтижелерді ислами ЖОО, ислам зерттеулері орталықтары мен өзге де

			<p>салаға қатысы бар ұйымдар ауқымында кең қолдануға болады.</p> <p>7.5. Диссертацияда көрсетілген қағидаттар талапқа сәйкес ғылыми жарияланымдар ауқымында дәлелденген.</p>
8	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыста әдістемелік таңдау толық негізделген, оларды жұмыстың жазылу барысынан көруге болады. Диссертациядағы зерттеулер мен талдаулар сапалық әдістер негізінде жүргізілген. Зерттеу жұмысында екінші реттік дереккөздермен қатар бірінші реттік дереккөздер де кең қолданылған.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологиялар, ғылыми зерттеулердің замануи әдістемелерін қолданғаны байқалады. Деректерді талдау, нәтижелері түрлерінде интерпретацияланған.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған, (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық</p>	<p>Диссертация жұмысының зерттеу нысаны эксперименттік зерттеулерді қажет етпейді. Теориялық қорытындылар нақты исламтанулық және деректанулық зерттеулермен дәлелденіп расталған.</p>

		<p>эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ</p>	
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Диссертант зерттеу жұмысында ұсынған ой-тұжырымдарын шетелдік және отандық зерттеушілердің еңбектеріне сілтеме беру арқылы негіздеген. Диссертация жұмысында исламтанулық және деректанулық зерттеуден жинақталған бірінші реттік дереккөздерді ғылыми талдау негізінде маңызды әрі дәйекті мәлімдемелер жасалған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті / жеткіліксіз</p>	<p>Диссертациялық жұмыста сала бойынша жазылған әдебиеттерге жеткілікті деңгейде ғылыми айналымда бұрын-соңды болмаған әдебиеттерге шолу жасалған. Әдебиеттік шолу ислам құқығы саласындағы қолжазбаларға қатысты әдебиеттермен қатар, соңғы жылдары жазылған ғылыми мақалалар мен зерттеу жұмыстары қамтылған. Оның ішінде аталған тақырып аясында ізденген зерттеушілердің еңбектеріне арнайы шолу жасалған. Ізденуші әдебиеттерге кешенді шолу жүргізу арқылы диссертация тақырыбының өзектілігі мен ғылымға қосар үлесін жақсы негіздеген.</p>
9	<p>Практикалық құндылық принципі</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертацияның теориялық маңызы жоғары бағалануға лайық. Зерттеу нәтижелері Испиджаб қаласындағы фикһ мектебінің болғандығын, және оның даму кезеңдері мен ислам құқығы саласына қосқан үлесін терең түсінуге мүмкіндік береді.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді</p>	<p>Диссертацияда қол жеткізілген ғылыми нәтижелердің практикалық маңызы жоғары. Зерттеу жұмысынан шыққан қорытындылар еліміздегі</p>

		<p>практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>исламтану саласының дамуына маңызды ұсыныстарды қамтыған.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстағы практикалық ұсыныстарды «жартылай жаңа» деп қарастыруға болады. Атап айтқанда Қазақ жерінен шыққан ғалымдардың дәстүрлі ислами мұрасын зерттеп, өңдеп, ғылыми айналымға енгізетін арнайы исламтанушы мамандарды дайындауға қатысты жасалған ұсыныстар мазмұн тұрғысынан бұрын қолға алынған ұсыныстарды толықтырушы сипатта болғандықтан, жартылай жаңа деп бағаланады. Сонымен қатар Қазақ жерінен шыққан дін ғалымдарының ғылыми мұраларын жан-жақты зерттеу мақсатында ЖОО мен ғылыми-зерттеу институттарындағы исламтанушы мамандарды Қазақстан исламтануының көрнекті өкілдері тақырыбы аясында магистрлік және докторлық диссертациялар, ғылыми монографиялар жазып, қорғауға бағыттау және университетішілік және мемлекеттік жобалар ұсынуға қатысты берілген ұсыныстар да жартылай жаңа деп бағаланады. Осы аталған жағдайларға байланысты зерттеуден шыққан ұсыныстарға жартылай, яғни ішінара жаңа деген баға бердік.</p>
10	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары; 2) орташа; 3) ортаңадан төмен; 4) төмен.</p>	<p>Диссертацияны жазудағы академиялық жазу сапасы жоғары болып табылады. Автор теориялық және деректік мәліметтерді талдауда ғылымда мойындалған әдіснамаға сүйене отырып, ғылыми стильде баяндаған. Диссертациялық мәтін ғылыми нормаларға сәйкес жазылған.</p>

Ресми рецензент пікірінің қорытынды шешімі:

«8D02201-Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Илесбеков Бижан Оразалиевичтің Ахмад ибн Мансур әл-Испиджаби (480/1087 ж.к.б.) және оның «Шарх Мухтасар әт-Тахауи» еңбегі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

Ресми рецензент:

Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық
қазақ-түрік университетінің профессоры,
философия ғылымдарының

(жұмыс орны, ғылыми дәрежесі)

ҚОЛЫН
РАСТАЙМЫН:
Қ. А. Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университеті
Адам ресурстарын басқару
бөлімінің бастығы

Д. Д. Кенжетай профессор

Адам ресурстарын басқару бөлімі